

«Балдәурен» МДҰ

«Көңілді бояулар»
дәстүрден тыс сурет салу
(дөңгелек үстел)

Өткізген: Маликова А.К

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Көңілді бояулар» дәстүрден тыс сурет салу

Мақсаты: Ата-аналармен бірлесіп дәстүрден тыс сурет салу түрлерінің бала дамуына әсерін талқылау, шығармашылық қабілетін дамыту жолдарын қарастыру және баламен үй жағдайында қолдануға болатын әдістермен бөлісу.

Тәрбиеші: Құрметті ата-аналар!

Бүгінгі дөңгелек үстеліміздің тақырыбы — «Көңілді бояулар» дәстүрден тыс сурет салу деп аталады. Баланың шығармашылық қабілетін дамытуда бейнелеу өнерінің алар орны ерекше. Әсіресе дәстүрден тыс сурет салу — балалардың қиялын шарықтатып, ұсақ моторикасын дамытады.

Талқыланатын сұрақтар:

- 1) Дәстүрден тыс сурет салудың түрлері мен әдістері (Мысалы: жіппен салу, саусақпен бояу)
- 2) Бұл әдістердің баланың эмоционалдық және танымдық дамуына әсері.
- 3) Үй жағдайында қолдануға болатын жеңіл әрі тиімді тәсілдер.

Практикалық бөлім: Ата-аналармен әр түрлі тәсілдермен сурет салу .

Сұрақ-жауап:

- 1) Дәстүрден тыс сурет салу деген не?
- 2) Бұл әдістердің баланың дамуына қандай пайдасы бар?
- 3) Үй жағдайында баламен бірге қандай шығармашылық жұмыстар жасауға болады?
- 4) Ата-аналар өз тәжірибелеріңізбен бөлісе аласыздар ма?

Қорытынды: Ата-аналармен кері байланыс орнату, ұсыныс-пікірлерін тыңдау. Баланың шығармашылық әлеуетін ашуда ата-ана мен тәрбиешінің бірлесе жұмыс істеуінің маңызын атап өту.

«Балдәурен» МКҚК МДҰ

2024-2025 оқу жылында «Балдәурен» МДҰ –да ҚР оқу-ағарту министрінің «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта білімнен кейінгі қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы негізінде отбасы мен тәрбиеленушіні әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарының қажеттіліктері ескеріліп, ата-аналарға арналған консультациялық пункт отырысының

Анықтама

Қатысқаны: 4

Күні: 13.03.2025 ж

Қатыспағаны:

Тақырыбы: «Көңілді бояулар» дәстүрден тыс сурет салу. (Дөңгелек үстел)

Тыңдалды:

«Балдәурен» МДҰ тәрбиешісі Маликова А.К сөз алды:

Сәлеметсіздер ме ата-аналар! Бүгін консультациялық пункттің кезекті отырысына қош келдіңіздер! Балабақшада дәстүрден тыс сурет салу әдісі тәрбиеленушілер арасында жиі қолданып отырамыз. Бүгін сіздерге тәрбиеленушілермен дайындаған дәстүрден тыс сурет салу түрлерін көрсететін боламын. Мына жерде әр түрлі дәстүрден тыс сурет салу әдістерімен салынған суреттер. Тәрбиеленушілеріміз үлкен қызығушылықпен орындайды.

«Балдәурен» МДҰ ата-анасы: Трубкулова С.Қ сөз алды:

Сәлеметсіздер ме! Бүгінгі дәстүрден тыс сурет салу әдісі бойынша «Көңілді бояулар» деген тақырыптағы дөңгелек үстел жақсы деңгейде өтіп жатыр. Өзімізде бүгін бала сияқты еркін сезініп, дәстүрден тыс сурет салу әдісінің ерекшелігіне үлкен қызығушылық танытып отырмыз.

«Балдәурен» МДҰ ата-анасы Бигабылова Ж. Р Сөз алды:

Бүгінгі кезекті дөңгелек үстеліміз жақсы ұанап жатыр. Дәстүрден тыс сурет салу әдісінің түрлері өте көп екен. Бүгін ерекше әдістерді қолдану арқылы суретті салып отырмыз.

«Балдәурен» МДҰ ата-анасы: Кеңшілікова М.Е сөз алды:

Бүгінгі кезекті отырысымыз жақсы деңгейде өтіп жатыр. Біз сияқты жас аналарды қолдап, осындай отырыстар бола берсін. Бүгін бір өзімізді еркін сезініп, демалып қалдық.

«Балдәурен» МДҰ

басшысының м.у.а:  Ж.Қ.Мырзабек

Хатшы:



М.Қ. Сағынбаева

